



Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Достастыққа кірмеген мемлекеттермен шекараны күзетудегі ынтымақтастық туралы шартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1996 жылғы 18 қазан N 41-І

1995 жылғы 26 мамырда Минскіде қол қойылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Достастыққа кірмеген мемлекеттермен шекараны күзетудегі ынтымақтастық туралы шарты бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Экономикалық Ынтымақтастық Ұйымына мүше-елдердің
бизнесмендеріне арналған виза процедураларының
жеңілдетілген тәртібі туралы

К Е Л І С І М

Осы Келісімге қол қойған (бұдан әрі қарай "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын) елдердің үкіметтері Экономикалық Ынтымақтастық Ұйымының (бұдан әрі қарай "ЭКО" деп аталатын) мүшесі болып табыла отырып,

сауда мен экономикалық байланыстар халықтардың өзара дамуын жеделдетуге жәрдемдесетініне сене отырып,

Кветин Іс-әрекет Жоспарының 19-тармағында мүше елдерге ЭКО аймағының ішінде бизнесмендердің кедергісіз жүріп-тұруын жеңілдету және қажет болған жағдайда визаларды тездетіп беру жөніндегі қажетті шаралар қабылдауға үндеу жасалғанын еске ала отырып,

төмендегілер жөнінде уағдаласты:

І Б А П

ЭКО-ға мүше-елдердің барлық дипломатиялық және консулдық миссиялары мүше-елдің сыртқы-істер министрлігінің келісімімен сауда саласындағы құзырлы мемлекеттік органдардың ұсыныс хаты бойынша екінші мүше-елдердің бизнесмендеріне визалар береді.

І І Б А П

ЭКО-ға мүше-елдердің барлық дипломатиялық консулдық миссиялары мүше-елдің сыртқы-істер министрлігінің келісімімен сауда саласындағы құзырлы мемлекеттік органдардың ұсыныс хаты бойынша екінші Уағдаласушы Тараптардың бизнесмендеріне 72 сағаттың ішінде визалар береді немесе басқаша болған жағдайда отыз күнге дейін болуымен бірге бір жыл мерзімге келу соның ішінде көп мәрте келу визаларына тапсырысқа жауап береді.

І І І Б А П

Құзырлы органдар қолданыстағы заңдарға сәйкес виза алушының өзі барған елде оның мәртебесіне қатысты емес қызметпен айналыспау шарты бойынша тиісті тараптар арасындағы қол қойылған келісім-шарттар қолданылатын мерзімге экспортпен, импортпен немесе инвестициялық қызметпен айналысатын бизнесмендерге берілетін визаларды немесе уақытша тұруға берілетін рұқсат түрін ұзартады.

І Ү Б А П

Осы Келісім ережелерінің бір де біреуі ЭКО-ның екі немесе одан

да көп мүше-елдері арасындағы қолданыстағы екі жақты және көп жақты келісімдердің орындалуына кедергі келтірмейтінін, сондай-ақ әрбір мүше-елдегі визалар, уақытша тұруға рұқсат түрлерін беруге немесе шет елдік азаматтарды елден шығарып жіберуге қатысты мемлекеттік заңдарға қайшы келмейтін болады.

Ү БАП

Кез келген Уағдаласушы Тарап осы Келісімге Министрлер Кеңесінің бекітуіне берілетін түзетулер ұсына алады.

ҮІ БАП

а) Әрбір Уағдаласушы Тарап ұлттық қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп немесе денсаулық сақтау жағдайларын ескере отырып, Уағдаласушы Тараптардың бәрін немесе кейбіреулеріне қатысты осы Келісімнің тұтасымен немесе ішінара күшіне енуіне кейінге қалдыра тұра алады немесе орындалуын уақытша тоқтата алады. Мұндай шараның қолданылуы немесе күшін жою туралы тез арада дипломатиялық арналар арқылы ЭКО Хатшылығына хабарланады, ол өз кезегінде бұл жайында барлық Уағдаласушы Тараптардың хабардар етеді.

б) YI/ а) тармағында көрсетілген шаралардың бірін қолдануға шешім қабылдаған Уағдаласушы Тарап оған қатысты мұндай шаралар қабылданған екінші Уағдаласушы Тараптан өз азаматтарына қатысты осы Келісімнің қолданыла беруін талап ете алмайды.

Y I I B A П

а) Осы Келісім оған қосылғысы келген ЭКО-ға барлық мүше-елдердің мынадай жолмен қол қоюы арқылы әрқашан да ашық болып табылады:

(i) бекітілуге қатысты өзгертусіз қол қою;

(ii) соңынан бекітілуі жүзеге асырылатын бекітілуге қатысты өзгертулерімен қол қою.

б) Жоғарыда аталған YII/a) /i) тармаққа сәйкес Келісімге

қосылатын мүше-елдер өздерінің мүшелікке кіргені туралы құжатты ЭКО Хатшылығына тапсырады. Тап осындай жолмен жоғарыда аталған а)/(ii) тармаққа сәйкес Келісімге қосылатын мүше-елдер ЭКО Хатшылығына бекіту грамотасын тапсырады.

YIII БАП

а) Осы Келісім YII бапқа сәйкес мүше-елдердің үшеуінен астамы:

(i) бекітуге қатысты өзгертусіз қол қойғаннан кейін және өздерінің мүшелікке кіргені туралы ЭКО Хатшылығына құжат тапсырғаннан

кейін;

(ii) Келісімге қол қойып, оны бекіткеннен кейін және бекіту грамотасын ЭКО Хатшылығына тапсырғаннан кейін алпысыншы күні күшіне енеді.

б) Келісім күшіне енгеннен кейін оған қандай да бір мүше-ел кірген жағдайда ол Келісім аталған мүше-елге қатысты оның кіргені туралы құжатты немесе бекіту грамотасын тапсырғаннан кейін алпысыншы күні күшіне енеді.

IX БАП

ЭКО Хатшылығы ЭКО-ға мүше-елдерді:

а) Осы Келісімнің күшіне енетін уақыты туралы және бекітуге қатысты Келісімге өзгертусіз қол қойған немесе Келісімге қол қойған және оны бекіткен ЭКО-ға мүше-елдер туралы ;

б) YI немесе X баптарға сәйкес алынған кез келген ескертпелер туралы және олардың күшіне енетін уақыты туралы хабардар етеді.

X B A П

Осы Келісім беймәлім мерзімге жасалып отыр, Уағдаласушы

Тараптардың әрқайсысы бұл жайында ЭКО Хатшылығына алдын ала алпыс күн бұрын хабарлай отырып, Келісімнен шыға алады.

Осыны куәландыру үшін төменде аталған өкілетті өкілдер осы Келісімге қол қойды.

1995 жылы 15 наурызда екі түпнұсқа данада ағылшын тілінде жасалды, бұлар өз кезегінде оның бір дана куәландырылған көшірмесін әрбір мүше-елге жолдайтын ЭКО Хатшылығына тапсырылатын болады.

Ауғанстан Ислам Мемлекетінің атынан

Әзірбайжан Республикасының атынан

Иран Ислам Республикасының атынан

Қазақстан Республикасының атынан

Пакистан Ислам Республикасының атынан

Түрік Республикасының атынан

Түркіменстан атынан